**Образец**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУӘДІСТЕМЕСІ КАФЕДРАСЫ**

**«Бекітемін»**
**Абай атындағы ҚазҰПУ  Ғылыми**
**Кеңесінің отырысы**
**Ғылыми Кеңес төрағасы/**
**«Утверждено»**
**на заседании Ученого Совета**
**КазНПУ им. Абая**
**Председатель Ученого Совета**
**Ректор _______ С.Ж. Пралиев**
**Протокол № ___ от «__»___201_**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**Мамандық 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті**
**Түсу жылы 2016/2017**

**Авторлары:   Бораш Р.Б. п.ғ.к., аға оқытушы**

**Алматы**
**2016**

**КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**Мамандық 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті**
**Академиялық дәрежесі – 5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры**
**1 курс 4г.**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Негізгі бөлімдер | Кр.саны | Сем | Пререквизиттері | Постреквизиттері | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 курс** | | | | | | | | |
| **1** | Практикалық қазақ тілі | Практикалық қазақ тілінің мақсат, міндеттері. Студенттердің мектеп бағдарламасы негізінде алған білімдерін жүйелеу, қазақ тілінің салалары бойынша ЖОО-да өтілетін курстарға дайындау. Қазақ тілінің фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салалары бойынша білімдерін жүйелеп, талдауға үйрету. Студенттердің сөздік қорын байыту. Мақал мәтелдерді, фразеологизмдерді, сөз мағынасын еркін игеруге баулу. Сөз тіркесі, Сөйлем қолданысын мәтінде дұрыс түсініп, игере білуге, сауатты жазуға, әдеби тіл нормаларына сәйкес сөйлей білуге дағдаландыру көзделеді. | Қазақ тілінің фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салалары | 2 | 1 | 1.Тіл біліміне кіріспе, 2.Түркі филологиясына кіріспе | Фонетика Лексикология Морфология Синтаксис | Күтілетін нәтижелер:<br>- қазақ тіл білімінің фонетика, лексика, морфология және синтаксис салалары бойынша білімдері жүйеленеді;<br>- студенттердің сөздік қорлары молаяды;<br>- сөз бен тұрақты сөз тіркесінің мағынасын, қолданыстық ерекшеліктерін игереді;<br>- фонетикалық және фонологиялық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік талдауды меңгереді.<br>Бағалау:<br>- қазақ тілінің салалары бойынша талдау;<br>- шығармашылық тапсырмалар; жазба тапсырмалар.<br>Құзыреттіліктер: өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, білім алушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын игерген; ана тілінде өз ойын жүйелі және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген; психикалық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын қолдана алады; мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды сақтайды; орта білімнің ерекшеліктерін түсінеді және әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты іске асыратын құралдарды меңгереді; орта мектеп оқушыларына қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың технологиясы мен теориялық негіздерін игереді; қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді. |
| **2** | Нормативті қазақ тілі | Нормативті қазақ тілі пәнінің мақсаты- тіл жүйғсіндегі білімдерін, сөйлеу және жазу дағдыларын біріздендіру, нормалау. Алда өтілетін қазіргі қазақ тілінің теориялық курсын нәтижелі оқуға, меңгеруге даярлау. Студенттердің сөздік қорын | Тіл және оның қызметі<br><br>Тілдің дыбыс жүйесі<br><br>Тіл және мағына | | | 1.Тіл біліміне кіріспе,<br>2.Түркі филологиясына кіріспе<br>3.Қазіргі қазақ тілі | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы,<br>2.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы,<br>3.Қазіргі қазақ тілінің морфологияс | Қазақ тілінің негізгі құрылымдық жүйесін фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесіндегі тілдік нормарды; Қазақ тілін грамматикалық заңдылықтарын біледі;<br>Өз ойын еркін шешен түрде жеткізуге дағдыланады;<br>Әдеби тілде мәдениетті сөйлеуге |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | байыту. Тілді қолдануда мақал-мәтел, фразеологизмдерді, сөз мағынасын еркін меңгеруге баулу. Әдеби тілде сөйлей білуге дағдыландыру | Тілдің грамматикалық жүйесі | | | | ы,<br>4.Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі | дағдыланады;<br>Тілдік талдау дағдысы қалыптасады. |
| **3** | Тіл біліміне кіріспе | «Тіл біліміне кіріспе» пәнінің мақсаты болып тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, жалпы лингвистика ғылымының проблемалары жайлы ең алғашқы ұғым, түсінік қалыптастыру табылады<br>«Тіл біліміне кіріспе» пәнінің негізгі міндеттері: басқа теориялық тілдік курстар өтердің алдында, тіл ғылымы жайлы, оның зерттеу объектісі, зерттейтін мәселелері жайлы, ең алғашқы тіл ғылымының негізін үйрету, лингвистика ұғымы жайлы ұғым-түсінік қалыптастыру. | Тілдің табиғаты мен қоғамдық қызметі, оның түрлері.<br>Тілдің таңбалық, жүйелік, құрылымдық сипаты.<br>Фонетика, зерттеу нысаны.<br>Фонетикалық процестер мен заңдылықтар.<br>Тілдің лексикалық жүйесі мен құрамы.<br>Тілдерді жіктеу мәселесі.<br>Типологиялық жіктеме.<br>Тілдердің генеалогиялық жіктемесі | 2 | 1 | 1.Қазіргі қазақ тілі.<br>2.Фонетика.<br>3.Лексикол огия<br>4.Қазақ диалектоло гиясы. | Жалпы тіл білімі<br>Функциональ ды грамматика | - тіл білімінің негізгі зерттеу объектісі, оның басқа ғылым салаларымен байланысы, алатын орны, қазіргі тіл білімінің түрлері,тіл білімінің салалары мен тармақтары,тілдің шығуы мен дамуы, тіл аралық қарым-қатынастары,тіл ғылымының лексикология, грамматика, фонетика салалары, дүниежүзі тілдерінің жіктелуі жайлы хабардар болуы және меңгеруі керек;<br>- тіл ғылымы жайлы өз ойларын айта білу, пікірін дәлелдей білулері керек;<br>- өз бетінше оқып, ізденуге, семинар сабақтарына белсенді түрде қатысуға үйренулері қажет. Бағалау:<br>1. - сөздіктермен жұмыс жасай білулері қажет, тілдік терминдерді ажырату;<br>2. - танымал орыс, түркі, қазақ және шетелдік тілші зерттеуші ғалымдар жайлы, дүние жүзі тілдерінің типологиялық, генеалогиялық жіктеулері жайлы, негізгі тіл семьялары және түркі тілдері семьясы туралы тапсырмаларды орындау.<br>ана тілінде өз ойын жүйелі және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген; ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген; психикалық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі ауытқушылық типтері) заңдылықтары мен жеке ерекшеліктерін, әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын қолдана алады; қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді. |
| **4** | Тіл білімінің негіздері | «Тіл білімінің негіздері» пәнінің мақсаты білім алушыларды тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен таныстыру,әлем тілдерінің жүйесі мен табиғаты, мәні, қоғамдық қызметі, тіл жүйесі мен құрылымы туралы алғашқы ғылыми теориялық түсінік беру, қазіргі тіл ғылымының негізгі зерттеу бағыттары мен салалары жайлы жалпы мәлімет қалыптастырып, тіл ғылымының жеке тараулары мен салаларына қатысты теориялық білімді оқып меңгеруге бағыттау. | Тіл және оның қызметтері<br><br>Тіл және дыбыс. Дыбыстық заңдылықтар<br><br>Тілдің лексикалық жүйесі<br><br>Тілдің грамматикалық жүйесі | | | Қазіргі қазақ тілі.<br>2.Фонетика.<br>3.Лексикология<br>4.Қазақ диалектологиясы.<br>5.Философия.<br>5.Тарих.<br>6.Психология. | Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Синтаксис.<br>Жалпы тіл білімі.<br>Қазақ әдеби тілінің тарихы.<br>Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.<br>Түркітануға кіріспе | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>-тілдің жалпы табиғатын, ойлау мен тіл арасындағы байланыстарды түсінеді;<br>- тіл ғылымындағы зерттеу бағыттарының мақсаты мен нысандарын анықтай алады;<br>- тілдегі сыртқы және ішкі факторларды, олардың тілге әсерін негіздей алады. |
| **5** | Қазіргі қазақ | Фонетиканың зерттеу нысаны. | 1. Сегменттік | 2 | 1 | 1.Норматив | Қазіргі қазақ | Күтілетін нәтижелер: |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тілінің фонетикасы | Фонетиканың басқа ғылым салаларымен байланысы. Фонетикалық зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсіл түрлері. Фонетиканың ғылыми салалары. Сегментті және суперсегментті фонетика және оның бірліктері туралы жалпы мағлұмат.<br>Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар. Фонология. Фонема – дыбыс – әріп арақатынасы. Инвариант, вариант, вариация. Дыбыстық өзгерістер. Қазақ тіліндегі буын және дыбыс үндестігі. Қазақ тіліндегі буын түрлері.<br>Қазақ тіліндегі екпін. Интонация және оның компоненттері. Графика және орфография. | фонетика<br>2. Суперсегментті фонетика<br>3. Қазақ орфографиясы мен орфоэпиясы<br>4. Қазақ графикасы | | | ті қазақ тілі<br>2. Тіл біліміне кіріспе | тілі.<br>Морфология.<br>Синтаксис.<br>Жалпы тіл білімі.<br>Қазақ әдеби тілінің тарихы. | - фонетика тіл білімінің жеке саласы екенін түсіне отырып, оның басқа ғылым салаларымен байланысын, зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгереді;<br>- қазақ тіліндегі вокализм және консонантизмнің жүйесін ұғынады;<br>- фонологияның зерттеу нысанын түсіне отырып, фонологиялық мектептерді игереді. Инвариант, вариант, вариация ұғымдарын өз курсы деңгейінде білімдер жүйесі ала отырып, фонологиялық талдауға дағдыланады;<br>- қазақ тіліндегі просодикалық мәселелерді меңгеріп оны талдауға дағдыланады;<br>- графикалық лингвистиканың негізгі ұғымдарын меңгере отырып, қазіргі қазақ орфографиясы мен әліпбиі туралы өз көзқарастарын танытуға мүмкіндік алады.<br>Бағалау: - қазақ тілі дыбыс жүйесінің негізгі ұғымдары, сөздің дыбыстық құрамын ауызша және жазбаша талдау;<br>- инвариант, вариант, вариация ұғымдарына фонологиялық талдау жасау;<br>- топтық презентация.<br>Отандық және шетелдік ғалымдардың ойларын, пікірлерін біледі; Фонема-дыбыс әріп арақатынасын түсіне біледі;<br>Графика-графема-әліпби арақатынасын түсіне біледі;<br>Дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңдылықтарымен, дыбыстық өзгерістердің түрлерін біледі,<br>Орфографиялық принциптерді білу;<br>Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздерін фонологияға, сингармонизм заңына, әліпби теориясына табан тірей |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | отырып, анықтауды біледі;<br>Қазақ тіліндегі орфоэпиялық нормаларды саралай біледі;<br>Сөз ағымы және оның бірліктерін саралай біледі;<br>Екпін және оның түрлерін саралай білу<br>Интонация және оның негізгі бірліктері мен компоненттерін айқындай біледі;<br>Орфоэпия және оның негізгі белгілерін түсіне біледі;<br>Қазақ тілі функционалдық стильдеріндегі мәтіндердің айтылымын;<br>Қазақ тілі фонетикасын меңгертуге арналған мультимедиалық, электронды оқу кешендерін ұтымды қолдана;<br>дыбыстық комбинаториканың қазақ сөзінің сингармонизм заңына қарай бейімдеуші механизм екенін игереді. |
| **6** | Қазіргі қазақ тілінің фонологиясы | Тілдің фонологиялық ерекшеліктерін және тілдің дыбыстық табиғатын зерделеуге бағытталған. Пән аясында студенттерге фонологияның дистингтивті, делимитативті және кульминативті қызметтері, тілдің дыбыстық элементтерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтары меғгертіледі | Тілдің дыбыстық табиғаты<br><br>Дыбыс және сөз<br><br>Дыбыс тіркесімділігі<br><br>Дыбыстық заңдылықтар мен құбылыстар | | | Тіл біліміне кіріспе<br><br>Практикалық қазақ тілі | Қазіргі қазақ тілінң лексикологиясы<br><br>Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы<br>Жалпы тіл білімі | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>- тілдің дыбыстық жүйесі мен табиғатын меңгереді;<br>- әріп пен таңба арасындағы айырмалықтардың тілдік табиғатын түсіндіре алады;<br>- тілдегі дыбыстық құбылыстардың, заңдылықтарын ғылыми түрде саралай алады;<br>- суперсегментті және сегментті деңгейлердігі дыбыс табиғатын меңгереді.<br>- Фонологиялық талдауға дағдыланады |
| **7** | Ауыз әдебиеті | Ауыз әдебиетіне (фольклор) кіріспе.Фольклортану ғылымы оның мәні мен негізгі ерекшеліктері. Фольклордың тегі мен жанрына қарай | Бірінші бөлімде фольклор және фольклортану ғылымының негізгі | 2 | 1 | 1.Әдебиеттануға кіріспе,<br>2.Тіл біліміне | Әдебиеттануға кіріспе, әдебиет теориясы, әдебиет | Күтілетін нәтижелер:<br>- ауызша сөз өнерінің табиғатын, оның туу,таралу және сақталу ерекшеліктерін, қалыптасу тарихын, шындықты бейнелеудегі көркемдік |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жіктелуі, тарихи зерттеу принциптері.Фольклордың өзге ғылым салаларымен (тіл,тарих,этнография, археология,философия т.б.) байланысы. Қазақ фольклорының қалыптасу, даму кезеңдері. Әлемдік фольклортану ғылымындағы теориялық бағыттар мен мектептер. Фольклортанудағы методологиялық ортақтастық мәселелері, фольклордың ауызша сөз өнері ретіндегі табиғаты, ерекшеліктері, көркемдік жүйесі, жанрлары, поэтикалық тәсілдері мен құралдары, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы. | ерекшеліктері, екінші бөлімде фольклордың жанрлық түрлері байыпталады. Бірінші бөлімде фольклортану ғылымы туралы түсінік, қазақ фольклорының даму, қалыптасу кезеңдері, екінші бөлімде тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, аңыздар, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс, балалар фольклоры, тарихи жырлар, фольклордың зерттелу тарихы мәселелері қамтылады. | | | кіріспе, 3.Ежелгі дәуір әдебиеті | тарихы, әдебиет сыны | әдістерін білуі;<br>- фольклортанудың халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы екендігін, сондай-ақ, фольклордың жанрлық түрлеріне тән негізгі ерекшеліктерін,принциптерін терең түсінуі және өз бетінше ой қорыта алуы;<br>- фольклор туындыларын фольклортану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып ғылыми тұрғыда талдау әдістерін меңгеруі тиіс.<br>- фольклор туындыларын мазмұндау;<br>- фольклортанушы ғалымдардың басты еңбектеріне конспект жасау;<br>- фольклордың жанрлық түрлерінің кез-келген түріне жазбаша ғылыми талдау жасау.<br>Ана тілінде өз ойын жүйелі және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген; ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген; мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды сақтайды; орта мектеп оқушыларына қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың технологиясы мен теориялық негіздерін игереді; қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | мен әдебиетінің іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді. |
| **8** | Фольклортану | «Фольклортану»- жоғарғы оқу орындарында халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы ретінде фольклор тарихын, теориясын, жанрлық түрлеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты талдап түсіндіретін пән болып табылады. | Бірінші бөлімде-фольклортану ғылымы туралы түсінік және оны тарихи зерттеу принциптері, әлемдік фольклортану ғылымындағы теориялық бағыттар мен мектептер, тарихи поэтика мәселелері, екінші бөлімде-қазақ фольклорының қалыптасу және даму кезеңдері ал үшінші бөлімінде-фольклорлық жанрлардың теориясы мәселелері қамтылады. | | | Халықауыз әдебиеті Әдебиеттан уға кіріспе | 1.Әдебиет теориясы,<br>2. Әдеби сын тарихы,<br>3.Қазақ әдебиетінің тарихы. | -Фольклордың көп қырлы бітімі мен синкреттілігін;<br>-фольклордың халықтық сипатын;<br>-фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылықтарын;<br>-фольклордың өзгермелілігін;<br>-фольлордың құрылымдық-типологиялық, жүйелі талдау, кешенді-тұтастық зерттеу әдістерін;<br>-Фольклордың көркемдік-идеялық, және тегіне қарай бөліну принциптерін;<br>-фольклор жанрларының дамуындағы ортақ процестерді;<br>-фольклор шығармаларындағы эпикалық, лирикалық, драмалық белгілерді танып-білуді міндеттейді. |
| **9** | Диалектология | Тіл білімінің диалектілер мен сөйленістерді зерттейтін саласы ретінде диалектология жергілікті тіл ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі таңда диалектологияның тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, зерттеу шеңбері де кеңейе түсті. Зерттеу ісі халық тіліндегі ерекшеліктерді жинаумен, | 1. Диалектология туралы түсінік. Диалектілер және халық тілі, ұлт тілі, әдеби тіл.<br>2.Диалектологиянның дамуы мен қалыптасуы, зерттелуі | 2 | 1 | Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі | Тарихи грамматика, түркі тілдерінің салыстырмалы граммматикасы | - диалектология ғылымының нені зерттейтінін, оның негізгі салаларын білуі керек,<br>- диалектология пәнінің терминдерін, диалектолог ғалымдардың ғылыми зерт теулерін меңгеруі керек<br>- мемлекеттік тілді сүйетін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат, патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | анықтаумен ғана тынбай, тіл тарихын жасауда да ойдағыдай рөл атқаруда. Диалектологияның қалыптасу тарихы этнографиямен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, диалектілік ерекшеліктер аса маңызды этнографиялық белгі болып табылады. | 3.Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді ң жалпы сипаты.<br>4.Диалектологи яның теориялық негіздері<br>5. Жергілікті ерекшеліктерді зерттеу принциптері, жинау жолдары.<br>6.Лингвистика лық география. Ареалды лингвистика | | | | | |
| **10** | Дала тілі | Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктердің қалыптасуы мен даму тарихын, аймақтық тілдік бірліктердің экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығын меңгертуге бағытталған. Аймақтық лексиканың дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктерін, олардың жасалу жолданын | Аймақтық лексика және әдеби тіл<br>Дала тілінің лексикасы<br>Аймақтық лексиканың дыбыстық ерекшеліктері<br>Дала тілінің грамматикасы<br>Дала тілінің сөзжасамы | | | Практикалық қазақ тілі<br><br>Тіл біліміне кіріспе | Жалпы тіл білімі<br><br>Ареалдық лингвистика | Пәнді игеру нәтижесінде студент:<br>- дала тілінің әдеби нормамен арақатынасын;<br>- дала тілінің лексикалық ерекшелігі мен оның қалыптасу жолдарын;<br>- дала тілінің грамматикалық ерекшеліктерін меңгереді;<br>- аймақтық бірліктердің әдеби тілге ену жолдарын түсіндіре алады. |
| **11** | Әдебиеттануға кіріспе | «Әдебиеттануға кіріспе» пәні әдебиет туралы ғылым және оның салаларын және оның қосымша салаларын, нақты айтқанда әдебиеттің теориясының, сынының, тарихының бастау арналарын, әрқайсысының өзіндік табиғатына тән | Бірінші бөлімде әдебиеттану ғылымының салалары, әдебиеттің сөз өнері ретіндегі табиғаты,қоғамдық сипаты, халықтығы | 2 | 1 | 1.Ауыз әдебиеті,<br>2.Тіл біліміне кіріспе,<br>3.Ежелгі дәуір әдебиеті | Әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны | -Әдебиет туралы ғылымның тарихын;<br>-сөз өнерінің қоғамдық функциясын;<br>-өнер түрлерінің ерекшеліктері мен халықтығын;<br>-көркем шығарманың мазмұны мен пішінін;<br>-көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын; |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктерін талдап-таразылау арқылы түсіндіретін пән. | таныстырылатын болса ал екінші бөлімде көркем шығарманың құрылысы, композициясы мен сюжеті,көркем образ және оның жасалу жолдары, тілі, өлең құрылысы, әдебиеттің тектері мен түрлері, әдеби процесс, көркемдік әдіс, әдеби бағыт-ағымдар мәселелері қамтылады. | | | | | -көркем туындының сюжеттік-композициялық желісін;<br>-көркем шығармадағы тип және типтілік мәселесін;<br>-көркем шығарманың тіл көркемдігін;<br>-әдебиеттің тектері мен түрлерін;<br>-көркемдік әдістер мен әдеби бағыт-ағымдарды оқып-үйретеді. |
| **12** | Әдебиеттану зерттеулері | Әдебиеттанудың зерттелуі мәселесі сонау ежелгі шығыс, грек әдебиетінен бастау алады. Әдебиеттанудың теориясы, тарихы, сынын зерттеу қазіргі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Мәселен, әдебиет теориясына қатысты көне грек ойшылдарының қағидалары әлі мәнін жойған жоқ. Осы теориялық мәселелер қазіргі әдебиеттану ғылымында маңызды. | Әдебиеттанудағы теориялық ұғымдардың зерттелуі;<br>Әдебиеттанудың тарихын зерттеу мәселелері;<br>Әдебиеттанудағы сынның зерттеу мәселелері;<br>Әдебиет теориясын зерттеуде З.Фрейд, Бахтиннің әсері;<br>Көне грек ойшылдарыны | | | Әдебиеттануға кіріспе<br>Ежелгі дәуір әдебиеті<br>Хандық дәуір әдебиеті | Әдебиет теориясы<br>Әдебиет арихы<br>Әдебиет сыны | Білім алушы бұл пәнді оқуда көне грек ойшылдарының пікірлері мен еңбектерімен танысады;<br>Көне грек ойшылдарының теориялық қағидаларының қазіргі күнге дейін маңыздылығын жоймағанын бағамдайды;<br>Әдебиет тарихы мәселелері мен оның зерттелуіне негіз болған еңбектермен танысады; Әдебиет сыны мен теориясы мәселелерін зерттеу объектісіне айналдырған ғалымдардың еңбектерімен танысып, шолу жасайды |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ң теориялық еңбектері мен пікірлері;<br>Кеңес үкіметі тұсындағы әдебиеттің зерттелу мәселесі;<br>Кеңес үкіметі тұсындағы теоретик ғалымдар. | | | | | |
| | Қазақ әдебиеті: ежелгі дәуір | Ежелгі әдебиеттің зерттелуі. Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлар (сақ, ғұн, үйсін дәуірі б.з.д. VІІ ғ. – б.з. ІV ғ.).Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет(V-VІІІ ғ.ғ.). Орхон жазуының мазмұны мен айтар ойы.“Күлтегін” жырының көркемдік ерекшеліктері.Оғыз дәуіріндегі әдебиет ( ІХ-Х ғ.ғ.). Оғыз дәуірінің ескерткіштері: “Қорқыт ата”, «Оғыз қаған» жыры. “Қорқыт ата” кітабы, нұсқалары, зерттелуі, он екі жыры, нақылсөздері, аңыз-күйлері.Ислам дәуіріндегі әдебиеті (Х-ХІІ ғ.ғ.). Әл-Фараби өмірі мен шығармашылығы А.Йасауидің «Диуани хикмет» («Даналыққітабы») туындысы. С.Бақырғани «Бақырғаникітабы» Ахмет Йүгінекидің (ХІІ ғ.) «Хибат-ул һақайық» («Ақиқат сыйы»). Қарахан дәуіріндегі әдебиет. Махмут Қашқари – көрнекті филолог, ауыз әдебиет үлгілерін жинаушы ғалым, | Бірінші, YI-IX ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері /«Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк жырлары», «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме», Әбу Насыр әл-Фарабидың әдеби мұралары/.<br>Екінші, Х-ХІІ ғасырлардағы әдебиет /Махмуд Қашғари. «Диуани лұғат ат-түрік»; Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу біліг»; Ахмет Иүгінеки. «Хабатул – хакайық»; | 3 | 2 | «Әдебиетта нуға кіріспе», 2.«Халық ауыз әдебиеті», 3.«Мәдение ттану». | Әдебиет теориясы, Әдебиет тарихы Әдебиет сыны | - ежелгі дәуірдегі түркі өркениеті жазба жәдігерліктерін ғылыми-теориялық, тарихи-поэтикалық талдаулар жасауды игеру;<br>- ислам дәуірі әдеби мұраларының ағартушылдық-гуманистік ұстанымдарын бағалау және жүйелеу;<br>- көрнекті ойшыл ақындар шығармашылығы бойынша ғылыми-әдеби талдау жасауды меңгеру.<br>- ежелгі жазба жәдігерліктердің (ескерткіштердің) әдеби-танымдық, тарихи деректілік сипатын бағалаған жазба жұмыс дайындау;<br>- ислам дәуіріндегі көрнекті ақындар шығармашылығы туралы ғылыми баяндамалар, рефераттар жазып жариялanымға ұсыну;<br>- көрнекті әдеби-мәдени жазба мұраларға тарихи-теориялық талдаулар жасау.<br>-Қазақ халқының ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндардан бастап,төл әдебиетімізге дейінгі аралықтағы әдеби асыл мұраларды танып біледі;<br>- ежелгі дәуір әдебиетінің шығармалары арқылы студенттер ұлттық құндылықтарды тани отырып, сөйлеу шеберліктерін арттырады; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | саяхатшы.Жүсіп Баласағұнның – (XI ғ.) "Құтадғубілігі". Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет (XIII-XIV ғ.ғ.). Құтбтың "Хұсрау-Шырын", Рабғузидің «Рабғузи қиссалары», Дүрбектің "Жүсіп-Зылиха" дастаны. «Кодекускуманикс» - қыпшақ тілінің сөздігі. Хорезмидің "Мұхаббатнаме", Құтыбтың «Хұсырау-Шырын» дастандары. Сәйф Сараидың «Гүлстан-биттүрки» туындысы. Тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер.Әбілғазының «Шежіре и түрк» («Түркі шежіресі»). | Ахмет Яссауи. «Диуани хикмат»; Сүлейман Бақырғани. «Бақырғани кітабы»/ Үшінші, XIII-XY ғ.ғ. яғни Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет /Рабғузи. « Рабғузи қиссалары»; «Кодекс Куманикус»; Хорезми. «Мухаббат-наме»; Құтб. «Хұсрау-Шырын»; Сайф Сарай. «Гүлистан бит-түрки»; Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»; Әбілғазы. «Шежіре-и түрік»; Қадырғали Жалайыри. «Жамиғ-ат тауарих»; Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди»; Бабыр. «Бабыр-наме». | | | | | – әрбір көркем мәтінді оқығанда ұлттық бояуын өзге әдебиеттермен салыстыра отырады;<br>– - қазақ әдебиетінің түркі халықтары әдебиетімен үндестігін жан-жакты ғылыми тұрғыда білетін болады; |
| | Жазушы шеберлігі | Курстың басты мақсаты-ізденушілерге көркем | Қаламгердің өмір | | | Халықауыз әдебиеті | Көркем антропология | Көркем шығармашылықты оқып танудың жолдары, оның жазылу |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктері, шығарманың жазылу үдерісіндегі әр қилы күрделі сипаттар, жазушының қоғамдық тұлғасы, оның психологиялық болмысы, жазушы еңбегінде бақылау, сезімталдық, қиял, шабыт, қабілет және т.б қасиеттердің алатын орны туралы жан-жақты мағлұмат беру. | құбылыстарын (материалдар) жинау жолдары Қазақ әдебиетіндегі тәжірибелер негізінде шығармаға тақырып табу ерекшелігін айқындау. Суреткердің жұмыс тәртібі Жазушы еңбегі және өмір шындығы Тірек бейне-прототип және көркем бейне Әдеби шығармашылық және авторлық редакция. | | | Әдебиеттануға кіріспе | және әдеби шығармашылық, Әдебиеттанудың жаңа бағыттары | барысы, жазушылық еңбектің алғышарттары мен әдістері туралы мағлұмат алуға, шығармашылық еңбектің негізгі заңдылықтарын, әдеби шығармашылықтың эстетикасы мен психологиялық негізін білуі қажет. Алған теориялық білімді практида қолдана алатын дағды қалыптастыру, сыни тұрғыда ойлап шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру. |
| 2 курс | | | | | | | | |
| **1** | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы | Сөздердің лексикалық жүйеде алатын орны. Қазақ тілінің шығу тегі мен типологиялық белгілері. Қазақтың халық тілі мен ұлт тілінің пайда болуы. Сөздік құрам мен сөздік қор. Қазақ тілінің қазіргі лексикалық жүйесінің семантикалық сипаты. Сөз және ұғым. Лексикалық мағынаның типтері мен түрлері. Сөз мағынасының даму жолдары: метафора және оның түрлері, метонимия, синекдоха т.б. Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінің қалыптасуындағы | Тарихи лексикология; Сипаттамалы лексикология; Салыстырмалы лексикология; Семасеология; Фразеология; Этимология; Лексикография. | 2 | 3 | 1.Тіл біліміне кіріспе 2.Нормативті қазақ тілі 3.Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы 4.Қазақ тілінің диалектологиясы 5.Лингвистикалық терминдер теориясы | Салыстырмалы лексикология; Семасеология; Фразеология; Этимология; Лексикография. | - лексикологияның зерттеу нысаны болып табылатын сөздің табиғатын терең түсіну. Сөздің негізгі белгілерін меңгеріп, лексиканың түрлерін толық меңгеру;<br>- сөздік құрамның үнемі толығып отыруында даяр қалпында енген кірме сөздермен бірге қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің алатын орнын түсініп, талдау жасай білу;<br>- сөздердің стилистикалық қолданысына қарай бөлінетін түрлерін, әсіресе архаизмдерді тарихи сөздерден, кәсіби сөздерден, терминдерден, жалпыхалықтық неологизмдерді авторлық неологизмдерден айыра білу; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | негізгі тарихи арналары. Жалпытүркілік лексика мен қазақтың төл лексикасы. Сөздік құрамның толығу жолдары мен тілімізде кірме сөздердің алатын орны. Қазіргі қазақ лексикасының қолданылу өрісіне, лексиканың стильдік қызметіне байланысты түрлері мен сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлері.<br>Фразеологизмдердің негізгі белгілері мен түрлері. Қазақ тілінің лексикографиясы, сөздіктер және олардың түрлері | | | | | | - фразеологияның түрлерін меңгеріп, тілдік қатынаста қолдана білу;<br>- қазақ тілінің лексикографиясын меңгеріп, лингвистикалық сөздіктермен жұмыс жасай білу.<br>- пәннің тақырыптары бойынша өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе білу;<br>- лексикалық талдау жасай білу. |
| **2** | Тіл мәдениеті | Қазақ халықының этикеті туралы айта отырып, оның вербалды жағы мен паралингвистикалық тұстары лингвистикалық зерттеудің ерекше объектісіне айналып отырғандығын, сондай-ақ сөз саптау кезінде этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың семантикалық-стилистикалық ерекшеліктерін оқытып, үйрету. | Тіл және мәдениет.<br>Сөздің мәдени аспектісі<br>Норма және этикет | | | Нормативті қазақ тілі<br><br>Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы | Стилистика<br><br>Жалпы тіл білімі | Пәнді оқу нәтижесінде студент:<br>- тілдің этикеттік нормаларын меңгереді;<br>- сөз этикетінің табиғатын түсінеді;<br>- қатысым процесі кезінде этикеттік мәнге ие тілдік бірліктерді орынды қолдануға дағдыланады |
| **5** | Қазақ әдебиеті: хандық дәуір | Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-әлеуметтік жағдайдың әдебиеттің дамуына ықпалы. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет өкілдері жыраулардың әлеуметтік қызметі. Жыраулар поэзиясының қалыптасу және даму кезеңдері, поэзияның тарихилығы мәселелері. | 1. XIX ғасыр әдебиеті және дәстүрлі ақындар поэзиясы<br>2. Зар заман ақындар поэзиясы және сыншыл реализм | 3 | 3 | 1.«Әдебиет тануға кіріспе»,<br>2.«Халық ауыз әдебиеті»,<br>3.«Мәдениеттану». | Әдебиет теориясы,<br>Әдебиет тарихы<br>әдебиет сыны | - жыраулар поэзиясының үлгілерімен толық танысып, толғауларға әдеби-теориялық талдаулар жасауды меңгереді;<br>- қазақ хандығы кезеңіндегі әлеуметтік-саяси жағдайлардың әдебиеттің дамуына ықпалын анықтап, тарихи өзгерістерге талдау жасауды үйренеді;<br>- толғаудың жанрлық ерекшеліктерін |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жыраулар поэзиясының даму бағыттары, даму ерекшеліктері. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері және көркемдік сипаты. | 3. Шортанбай Қанайұлы шығармашылығы<br>4. Ақындық мектеп және классикалық әдеби дәстүрлер тұтастығы<br>5. Өнер тұтастығындағы дәстүрлі ақындар шығармашылығы және эпикалық дәстүр<br>6. Жаңа жазба реалистік әдебиеттің педагогикалық сипаты | | | | | талдап игереді.<br>- толғауларды мәнерлеп жатқа орындау және әдеби-теориялық талдаулар жасау;<br>- рефераттарды, баяндамаларды тыңдап талқылау;<br>- еңбектерді конспектілеу және өз бетімен ғылыми тұжырым, қорытынды жасау. |
| **6** | XV-XVIII ғ. қазақ әдебиеті | XY-XYIII ғасырлардағы қазақ мемлекетінің қоғамдық әлеуметтік және саяси жағдай. Қазақ мемлекетінің әлеуметтік, экономикалық және ішкі жағдайының әдебиетте көрініс табуы. XY-XYIII ғасырлардағы поэзиясының тақырыптық-идеялық ерекшеліктері. | XY-XYIII ғасырлардағы әдебиеттің даму бағыттары. XY-XYI ғасырлардағы қазақ әдебиеті. XYII ғасырдағы қазақ әдебиеті. XYIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы | | | .«Әдебиеттануға кіріспе», 2.«Халық ауыз әдебиеті», 3.«Ежелгі дәуір әдебиеті». | 1.XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы.<br>2.XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. | XY-XYIII ғасырлардағы әлеуметтік-саяси жағдайдың әдебиеттің дамуына әсерін, жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерін, толғаудың жанрлық ерекшеліктерін білуі керек;<br>Жыраулар поэзиясының, әдебиеттің даму кезеңдерінің зерттелу тарихы жайлы шетел және қазақ ғалымдарының еңбектерімен танысып ғылыми тұжырым, қорытынды жасап, өзіндік пікір қорытуға машықтанады;<br>Жыраулар поэзиясының үлгілерімен толық танысып толғауларға әдеби-теориялық талдаулар жасауды меңгереді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **7** | Балалар әдебиеті | Балалар әдебиеті – сөз өнерінің жеке бір өзекті саласы. Балалар әдебиетінің қоғам талаптарының, халықтың педагогикалық көзқарастары мен өмір тәжірибесінің суреттелуі. Балалар фольклорының эстетикасы. Балалар әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері. Ы.Алтынсарин- балалар әдебиетінің негізін салушы. Абай шығармаларының тағлымы. ХХ ғасыр басындағы балалар әдебиетінің даму ерекшеліктері. Алаш азаматтарының балаларға арнап жазған шығармалары. Кеңес балалар әдебиетінің қалыптасуындағы С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезовтің атқарған еңбектері. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы балалар әдебиетінің өсіп-өркендеуі. Қазақ жазушыларының шығармаларындағы бала бейнесі, жасөспірімдер тәрбиесі. Қазіргі кезеңдегі балалар поэзиясының эстетикалық, тәрбиелік мәні. Балалар драматургиясы. Балалар әдебиеті жөніндегі соңғы зерттеу еңбектер, балалар әдебиетінің аударылу мәселесі, шетел әдебиетімен байланысы. | 1.Балалар фольклоры- балалар әдебиетінің алтын қоры.<br><br>2.1960-2000 жылдардағы проза | 2 | 3 | 1.Әдебиетт ануға кіріспе<br>2.Қазақ халық ауыз әдебиеті (балалар фольклоры)<br>3. Педагогика (тәрбие теориясы Қазақ этнопедагог икасы) | Әдебиет теориясы, Әдебиет тарихы әдебиет сыны | 1. Балалар фольклоры мен балалар әдебиеті туындыларын, ақын-жазушылардың өмірді бала психологиясына лайықты суреттеу дәстүрін, балалар әдебиеті жөніндегі зерттеу еңбектердегі ой-тұжырымдарды білуі керек;<br>2. Балаларға арналып жазылған шығармалардың жанрлық түрлерін саралап қарастыру, салыстыру, талдау жолдары мен әдістерін меңгеруі керек.<br>3.Б алалар әдебиетінің эстетикалық қырларын, балаларды өнер-білімге, имандылыққа, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуде атқаратын қызметін, шығармалардағы жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерген маман қалыптастыру пәннің құзыреттілігі.<br><br>1) Балалар әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдерін жүйелеу.<br>2) Жазба балалар әдебиетініі жанрларын (поэзия, проза, драма) талдау.<br>3) Балалар әдебиет ітуралы соңғы зерттеулерді сараптау. |
| **8** | Балаға арналған шығармалар | Жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, т.б. ізгі | Балалар шығармалары - балалар әдебиетінің | | | 1.Әдебиетт ануға кіріспе<br>2.Қазақ | Қазақ әдебиеті тарихы Сын тарихы | 1.Шығармадағы өмір көріністерін бала психологиясына лайықты суреттеу дәстүрін, балалар әдебиеті жөнінде жазылған еңбектердегі ой- |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мұраттарға баулу. Балаға арналған шығармалар оның сырлас досы, қорғанышы және ақылшысы да болып табылады және қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. | алтын қоры.<br><br>2.1960-2000 жылдардағы шығармалар | | | халық ауыз әдебиеті (балалар фольклоры) 3. Педагогика (тәрбие теориясы Қазақ этнопедагогикасы) | (балалар әдебиеті жөніндегі сын мақалалар мен зерттеулер Әдебиет теориясы) | тұжырымдарды дәйектей білуі керек;<br>2.балаларға арналып жазылған шығармалардың жанрлық түрлерін ажырата алуы;<br>3.Шығармалардағы халқымыздың рухани мұраларымен, әлем әдебиетімен үндестік қырларын саралай, салыстыра, талдай алуы керек. |
| **9** | Қазақ тілінің сөзжасамы | Қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің мақсаты мен міндеті. Сөзжасам жүйесінің негізгі ұғымдары. Туынды сөздің морфемдік құрамы мен сөзжасамдық құрылымы. Сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық үлгі. Сөзжасамдық ұяның құрылымы, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық ұяның мағынасы. Туынды сөздің анықтамасы, туынды сөздің ерекше белгілері. Зат есімнің сөзжасамы. Сын есімнің сөзжасамы. Сан есімнің сөзжасамы. Үстеудің сөзжасамы. Етістіктің сөзжасамы | Сөзжасамның зерттеу нысаны. Сөзжасам теориясы. Туынды сөз. Уәждеме және аталым теориясы. Сөзжасамдық тәсілдер. Сөзжасамдық мағына. Сөзжасамдық ұя. Негізгі бірліктері. Есім сөздің сөзжасамы.Зат аталым, сын аталымы. Етістік сөзжсамы. Күрделі етістік. Құранды етістік. | 2 | 4 | 1.Нормативті қазақ тілі<br>2.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы<br>3.Қазіргі қазақ тілінің ономасиологиясы<br>3.Қазіргі қазақ тілінің семиосологиясы | Жалпы тіл білімі. Морфология Синтаксис | - қазақ тілінің сөзжасам пәнінен негізгі сөзжасамдық ұғымдар мен сөзжасамдық заңдылықтарын, ғылыми білімдер кешенін оқып-үйренеді және меңгереді;<br>- туынды сөздің морфемдік құрамы мен сөзжасамдық құрылымдарына талдау жасауды үйренеді;<br>- туынды сөздің анықтамасы, туынды сөздің белгілері мен жасалу заңдылықтарын жөнінде шешім қабылдап, оны тәжірибеде қолдануға қабілетті.<br>- сөзжасам жүйесінің негізгі ұғымдары, туынды сөздің морфемдік құрамы мен сөзжасамдық құрылымы, ауызша және жазбаша талдау;<br>- туынды сөздің анықтамасы, туынды сөздің белгілері, жасалу заңдылықтарының шешімін таба отырып, нәтижесін талдау;<br>- топтық презентация. |
| **10** | Қазақ жазуының тарихы | Студенттерге жазудың шығу тарихын алғашқы бастау көзінен бастап таныстыра отырып, жазудың түрлерін, руникалық жазуды, төте жазу, латын жазуы, кирилицаға | Жазудың шығуы мен дамуы, адамзат қоланған жазу кезеңдері | | | Тіл біліміне кіріспе, Түркі филологиясына кіріспе | Тіл мәдениеті, Көне түркі тілі, Қазақ әдеби тілінің тарихы. | - жазудың шығу тарихын алғашқы бастау көзінен бастап, жазудың түрлерін, руникалық жазуды, төте жазу, латын жазуы, кирилицаны білуі керек;<br>- жазудың шығу тарихын, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тоқтала отырып, оларды халықтың тарихымен бірлікте оқытады. | Қазақ халқы қолданған жазулардың түрлері. Араб жазуы, латын графикасы, кириллица,<br><br>Орхон-Енесей жазба ескерткіштері Ы.Алтырсарин әліппесі А.Байтұрсынұлының төте жазуы. | | | | | кезеңдерін, оның халық тарихымен бірлігін, жазу түрлерінің ерекшелігін, дамуы деңгейін, таралу шегін меңгеруі керек;<br>- Мемлекеттік тілді сүйетін, ұлттық сөз өнерін дәріптейтін, қастерлейтін, сана-сезімі жоғары азамат,патриот қалыптастыру құзыреттілігі болып табылады. |
| **11** | Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы | Грамматика және оның салалары. Морфология – грамматикалық категориялар мен сөздің грамматикалық тұлғаларын зерттейтін тіл білімінің саласы. Грамматикалық мағына, грамматикалық тәсіл, грамматикалық форма, грамматикалық құрылым. Грамматикалық мағына берудің тәсілдері. Сөз таптары. Зат есім және оның грамматикалық категориялары. Зат есімнің сөйлемдегі қызметі. Сын есім. Қатыстық және сапалық сын есім. Сын есімнің шырайлары. Сан есім, түрлері, қызметі. Есімдік және түрлері. Етістік және оның грамматикалық категориялары. Етіс түрлері. Есімше. Көсемше. Үстеу. Еліктеуіш сөздер. Шылау. Одағай. | 1.Морфология және сөздің грамматикалық сипаттары.<br>2.Сөздерді таптастырудың ұстанымдары (принциптері).<br>3. Есім сөздер.<br>4. Етістік.<br>5. Үстеуші есімдер.<br>6. Шылау.<br>7.Одағай.<br>8. Модаль сөздер. | 2 | 4 | Тіл білімінің негіздері Тілдік қатынас | Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі | - қазіргі қазақ тілінің морфология пәнінен негізгі грамматикалық ұғымдар мен парадигмалық түрлену жүйесін, ғылыми білімдер кешенін оқып-үйренеді және меңгереді;<br>- сөздердің грамматикалық құрылымын, морфемдік құрамы мен сөзжасамдық талдау жасауды үйренеді;<br>- грамматикалық ұғымдардың анықтамасы, сөздің ерекше белгілері, грамматикалық заңдылықтарын шешуде өз бетінше шешім қабылдап, оны тәжірибеде қолдануға қабілетті.<br>- грамматикалық жүйесінің негізгі ұғымдары, сөздің морфемдік құрамы мен құрылымы ауызша және жазбаша, сыни талдау;<br>- сөздерді топтастыру ұстанымы, сөздің ерекше грамматикалық белгілері, грамматикалық заңдылықтарының шешімін таба отырып, практикалық тұрғыда талдау жасау;<br>- топтық презентация. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Құзіреттілігі: Ана тілінде өз ойын жүйелі және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шетел тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген; ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады, компьютермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасқан, оның ішінде ауқымды компьютерлік желіні жетік меңгерген; мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды сақтайды; орта мектеп оқушыларына қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың технологиясы мен теориялық негіздерін игереді; қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің іргелі заңдарын және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді. |
